	Үнемі жанып тұрады	Функция қолжетімді
	Жыпылықтайды	Функция орындалуда
	Тез жыпылықтайды	Пайдаланушы әрекеті қажет

Бұл таңбалар өніммен бірге берілген қысқаша нұсқаулықта да көрсетілген.

1.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі құрылғы сипаттамасына сілтейді.

1.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды келесі бөлімдерде көрсетілген ақпаратты оқу арқылы шешіп көріңіз: "16. Шамдар түсіндірмесі" және "17. Ақаулықтарды жою".

Егер бұл мәселені шешпесе немесе қосымша ақпарат қажет болса, клиенттерге қызмет көрсету бөлімінде берілген "Клиенттерге қызмет көрсету" парағында көрсетілген нөмірге хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

2. СИПАТТАМАСЫ

2.1 Құрылғы сипаттамасы - А

- A1. Дән ыдысының қақпағы
- A2. Кофе тартқышты реттеу дөңгелегі
- A3. Дән ыдысы
- A4. Ұнтақ кофе воронкасы
- A5. Демдеуіш қақпағы
- A6. Алынбалы демдеуіш
- A7. Қуат сымы
- A8. Су ыдысының қақпағы
- A9. Су ыдысы
- A10. Ұнтақ кофе ыдысы
- A11. Тамшы науасы
- A12. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A13. Кесе қою торы
- A14. Су жиналатын науа
- A15. Кофе шүмектері (биіктігі реттеледі)
- A16. Бу/ыстық су шүмегі
- A17. Капучино жасағыш (алынбалы)
- A18. Бу/ыстық су шүмегіне жалғау қондырмасы (алынбалы)
- A19. Бу/ыстық су дөңгелегі
- A20. Кесе текшесі

2.2 Басқару тақтасының сипаттамасы - В

- B1. Қосу/Күту режимі) түймесі
- B2. Кірістірілген диодшамы бар Х2 түймесі (егер 5 секунд басып тұрсаңыз, кофе айналымын шаю іске қосылады)
- B3. Кірістірілген диодшамы бар параметрлер мәзірі түймесі
- B4. Кірістірілген диодшамы бар қақ тазалау түймесі
- B5. Қоюлықты немесе тартылған кофе режимін таңдау түймесі
- B6. Қоюлықты таңдау диодшамы
- B7. Тартылған кофе режимін таңдау диодшамы
- B8. Модельге сай әртүрлі сусын сандары мен түрлері.
- B9. Индикатор тұрақты жанып тұр: сүзгіні ауыстыру керек
Индикатор жыпылықтауда: сүзгі ауыстырылуда
- B10. Индикатор тұрақты жанып тұр: ыдыстағы су жеткіліксіз (A9)
Индикатор жыпылықтауда: ыдыс орнында емес

B11. Жалпы ескерту индикаторы

B12. Индикатор тұрақты жанып тұр: тартылған кофе ыдысын (A10) босату қажет

Индикатор жыпылықтауда: тартылған кофе ыдысы орнында емес

B13. Индикатор тұрақты жанып тұр: машинаны қақтан тазалау қажет

Индикатор жыпылықтауда: қақ тазалануда

2.3 Керек-жарақтардың сипаттамасы - С*

(саны мен түрі әр модельде әртүрлі болады)

C1. "Жалпы қаттылық сынағы" индикатор қағазы

C2. Тартылған кофе өлшеуіші


C3. Қақ тазалағыш

3. ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН РЕТТЕУ





Есіңізде болсын:



- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, су немесе сүт тиетін барлық алынбалы керек-жарақтар ыстық сумен шайылуы керек.
- Кофе тартқыштағы кофенің іздері – сатылғанға дейін құрылғыда жүргізілген сынақтың нәтижелері, біздің өнімдерге деген мұқият қамқорлық пен назардың дәлелі.
- Машинаны бірінші рет қолданған кезде су тізбегі бос болады және құрылғы өте шулы жұмыс істеуі мүмкін. Контур толтырылған сайын шу азаяды.
- Бу дөңгелегі (A19) алғашқы іске қосу циклі басталғанға дейін 0 позициясында тұруы керек (1-сурет).





1. Құрылғыны розеткаға қосыңыз (2-сурет).



2. Басқару тақтасында (B)  (B10) шамы жанады (3-сурет): су ыдысын шығарыңыз (A9) (4-сурет), MAX деңгейіне дейін таза су толтырыңыз (5-сурет), сосын құрылғыға қайта салыңыз.



3. Басқару тақтасындағы  (B3) диодшамы тез жыпылықтайды.
4. Кофе шүмегінің астына бос ыдыс қойыңыз (A15) (6-сурет).
5.  түймесін басыңыз (B3) (7-сурет): ішкі су тізбектері тола бастайды және құрылғы кофе шүмегінен ыстық су ағызады.



Осыдан кейін құрылғы пайдалануға дайын болады.


Есіңізде болсын:

- Құрылғыны алғаш рет пайдаланылған кезде, құрылғы қанағаттанарлық нәтиже беруі үшін алдымен 4-5 кесе кофе жасалуы тиіс болады.
- Бу тізбегін шаю кезінде бу/ыстық су дөңгелегін (A19) I бағытына бұрау арқылы бірнеше секунд ыстық су ағызған жөн.

4. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ӨЛШЕУ

Судың қаттылығын мүмкіндігінше тез арада орнату машинаға қақ тазарту жиілігін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз қақ тазалау индикаторы  (B13) жергілікті су құбырындағы судың нақты қаттылығына сай қажетінше жанады. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Егер жалпы қаттылықты сынау көрсеткішінің қағазы (C1) ағымдағы машина моделімен бірге берілсе, оны қаптамасынан шығарыңыз.
2. Қағазды стакандағы суға бір секундтай толық батырып алыңыз (8-сурет).



3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз (9-сурет). Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршылар су қаттылығы деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.

Жалпы қаттылық сынағы	Қаттылық
	1 Төмен
	2 Орташа
	3 Орташа/ Жоғары

	4 Жоғары
---	--------------------

Машина параметрлерін орнату үшін "12. Параметрлер мәзірі" бөліміндегі нұсқауларды қараңыз.

5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

Есіңізде болсын:

Бу/ыстық су дөңгелегінің (A19) жабылғанын, 0 позициясына (1-сурет) қойылғанын тексеріңіз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен (A15) аздап ыстықсу шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз. Тамшы науасын жиі босату әбігерінен құтылу үшін (A11), шүмектер астына шайылған су жиналатын бос ыдысты қойыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін  түймесін басыңыз (B1): түйменің диодшамы жанады және басқару тақтасында (B) сусындар индикаторының диодшамдары жыпылықтайды, бұл машинаны қыздырудың жүріп жатқанын көрсетеді.

Бұл қадамда машина шаю циклін орындайды. Қазандықты қыздырумен қоса, ол ыстық суды ішкі тізбектер бойымен айналдыру қызметін атқарады, осылайша тізбектер де қажетті температураға дейін қызады.

Егер сусындар мен қоюлық көрсеткіштері үнемі жанып тұрса, құрылғы жұмыс істеуге дайын болғаны.

6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен (A15) аздап ыстықсу шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз. Тамшы науасын жиі босату әбігерінен құтылу үшін (A11), шүмектер астына шайылған су жиналатын бос ыдысты қойыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін  түймесін басыңыз (B1);
- басқару тақтасындағы сусындар индикаторының диодшамдары осы кезде жыпылықтайды: құрылғы шаю циклін

орындайды, егер мұндай функция болса, содан кейін өшеді (күту режиміне өтеді).

Есіңізде болсын:

Егер құрылғы біраз уақыт пайдаланылмаса, оны розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін басу арқылы өшіріңіз;
- қуат сымын розеткадан суырыңыз.

7. КОФЕ СУСЫНДАРЫН ЖАСАУ



7.1 Кофе дәндерінен кофе жасау



Маңызды!

Ешқашан жасыл, карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

- Ыдысты (A3) кофе дәндерімен толтырыңыз (10-сурет);



- Кофе шүмектерінің (A15) астына бір кесе қойыңыз (11-сурет);
- Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз: бұдан кілегейлі кофе шығады (11-сурет);
- Қалаған кофе сусынын таңдаңыз:

Сусын (*)	Әдепкі мөлшері (мл)	Бағдарламаланатын мөлшер (мл)
 Espresso	≈ 40	≈ 20 - ≈ 80
 Coffee	≈ 180	≈ 100 және ≈ 240 аралығында
 Long	≈ 160	≈ 115 және ≈ 250 аралығында

Сусын (*)	Әдепкі мөлшері (мл)	Бағдарламаланатын мөлшер (мл)
 Americano	Espresso (Эспрессо): ≈ 40 Water (Су): ≈ 110	Espresso (Эспрессо): ≈20 және ≈180 аралығында Water (Су): ≈ 50 және ≈ 300 аралығында
 Doppio +	≈ 120	≈80 және ≈180 аралығында

(*) Сусындардың саны мен түрлері әр модельде әртүрлі болады.

- Сусын дайындау басталады, басқару тақтасында (В) жасалған таңдауға сәйкес диодшам жыпылықтайды.

7.2 2 кесе кофе жасау

- Кофе шүмектерінің астына кеселер қойыңыз (A15);
- Шүмектерді кеселерге мүмкіндігінше жақындатыңыз: сонда кофе кілегейлі болады;
-  түймесін (B2) басыңыз: тиісті диодшам жанады;
-  түймесін (B8) басыңыз;
- Сусын дайындау басталады және басқару тақтасында (В) "Эспрессо" түймесіне тиесілі индикатор жыпылықтайды.

7.3 Тартылған кофеден кофе жасау

Маңызды!


- Құрылғы өшірулі болған кезде ешқашан тартылған кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- 1 деңгей мөлшерден артық ешқашан қолданбаңыз (C2), себебі бұл машинаның ішін бүлдіруі немесе құйғыны (A4) бітеуі мүмкін.



Есіңізде болсын:

Тартылған кофені пайдаланған кезде, бір уақытта тек бір кесе кофе жасауға болады.

-  түймесін (B5) диодшам -жанғанша (B7) қайта-қайта басыңыз.
- Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (12-сурет).



- Кофе шүмектерінің (A15) астына бір кесе қойыңыз (11-сурет);
- Қалаған сусынды (B8) таңдаңыз;
- Сусын дайындау басталады, басқару тақтасында (В) жасалған таңдауға сәйкес диодшам жыпылықтайды.

Маңызды!

-  Long (Ұзын) кофесін жасау: дайындау процесінің орта тұсында,  диодшам (B7) жыпылықтай бастаған кезде, тартылған кофенің тағы бір мөлшерін салып, Long (Ұзын) түймесін тағы басыңыз.
- Тартылған кофемен  Doppio+ (Доппио+) кофесін дайындау мүмкін емес.

7.4 Кофе негізіндегі сусындарды жасау бойынша жалпы көрсеткіштер


- Қолдану кезінде басқару тақтасында (В) индикатор шамдары көрінуі мүмкін. Олардың мағынасы "16. Шамдар түсіндірмесі" бөлімінде берілген.
- Ыстығырақ кофе туралы "7.7 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінен көріңіз.
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, "17. Ақаулықтарды жою" бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.
- Сусындарды жеке талғамыңызға сай реттеу үшін "7.5 Кофе қоюлығын өзгерту" және "7.9 Кесеге құйылатын мөлшерді реттеу" бөлімдерін қараңыз.

Есіңізде болсын:

Үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

7.5 Кофе қоюлығын өзгерту

1.  түймесін (B5) қалаған қоюлыққа тиесілі диодшамдар (B6) жанғанша қайта-қайта басыңыз:

	
	Сұйық
	Орташа
	Қою

2. Қажетті кофе сусынын таңдаңыз.

Есіңізде болсын:

- Келесі кофені дайындау кезінде машина соңғы таңдалған қоюлық параметрін көрсетеді.
- Электр қуаты ажырап қалса, машина орташа әдепкі параметрлерге оралады.

7.6 Шаю

Бұл функцияны құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін кофе шүмектерінен ыстық су ағызу мақсатында пайдаланыңыз.

1. Кофе шүмектерінің (A15) астына сыйымдылығы кемінде 100 мл бос ыдыс қойыңыз (6-сурет).
2. Шаю циклін орындау үшін  x2 түймесін (B2) жай ғана басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Цикл автоматты түрде басталады және тоқтайды (циклді ертерек аяқтау үшін сол түймені тағы бір рет басыңыз).

Есіңізде болсын:

- Құрылғы 3-4 күн бойы пайдаланылмаған болса, қайта іске қосылған кезде, оны пайдаланбас бұрын 2-3 рет шаюды қатаң ұсынамыз;
- Шаю циклінен кейін тартылған кофе ыдысында (A10) әдетте су қалады.

7.7 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер


Кофе ыстығырақ болуы үшін мынаны орындаңыз:

- шаю циклін орындаңыз ("7.6 Шаю ") бөлімін қараңыз);
- кеселерді алдымен ыстық су функциясын пайдалану арқылы ыстық сумен шайып жылытыңыз;
- кофе температурасын арттырыңыз ("12. Параметрлер мәзірі"-бөлімін қараңыз).

7.8 Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш, бастапқыда түзетуді онша қажет етпейді, өйткені ол кофенің дұрыс дайындалуын қамтамасыз ету үшін зауытта конфигурацияланған.

Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде реттеулер жасау үшін дөңгелекті (A2) былай бұраңыз:

Кофе тым баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса. Бұл реттеудің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады.	"7" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз 
Кілегейі мол кофе жасау үшін Бұл реттеудің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады.	"1" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз 

Есіңізде болсын:

Реттеу дөңгелегін кофе дайындаудың бастапқы кезеңінде кофе тартқыш жұмыс істеп жатқанда ғана бұрау керек.

7.9 Кесеге құйылатын мөлшерді реттеу

1. Бағдарламаланатын сусынға қатысты түймені басып, оны бірнеше секунд ұстап тұрыңыз: жасалған таңдау тиесілі диодшам тез жыпылықтай бастағанда, машина бағдарламалау режимінде болады. Ағу басталады;

2. Кесе қалаған деңгейге дейін толған кезде, сусын түймесін тағы басыңыз. Құйылу тоқтайды және мөлшер жадта сақталады.

Есіңізде болсын:

Ағымдағы параметрден бас тарту үшін басқа сусынға тиесілі түймені басыңыз

8. КАППУЧИНО ЖАСАУ


8.1 Қандай сүт қолдану керек

Көпіршік сапасы келесінің негізінде әртүрлі болады:

- пайдаланылған сүт немесе өсімдік сүтінің температурасы (жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін әрдайым тоңазытқыштан жаңа ғана алынған сүтті немесе өсімдік сүтін қолданыңыз): 5°C);
- сүт немесе өсімдік сүтінің түрі;
- қолданылған құрылғы маркасы;
- ингредиенттер мен құнарлылығы.

8.2 Каппучино жасау

1. Әр дайындалған капучино үшін контейнерді шамамен 100 мл сүтпен толтырыңыз (13). Ыдыс көлемін таңдаған кезде, сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.



2. Каппучино жасағышты (A17) сүт ыдысына батырыңыз.
3.  түймесін басыңыз: Бу (B8).
4.  Бу түймесіне тиесілі диодшам тез жыпылықтағанша күтіңіз: енді бу/ыстық су дөңгелегін (A19) I күйіне (14-сурет) бұраңыз.
5. Бірнеше секундтан соң капучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін және үлкенірек көлем береді. Кілегейлі көпіршік жаса үшін ыдысты

жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз.

6. Көпіршік қажет болған кезде, дөңгелекті 0 күйіне бұрау арқылы буды жабыңыз.
7. Кофені үлкен кеседе дайындаңыз.
8. Кофеге көпіршітілген сүтті қосыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.


8.3 Бу/ыстық су шүмегін қолданудан соң тазалау

Бу/ыстық су шүмегін (A16)ол қолданылған сайын тазалап отырыңыз, сонда сүт қалдықтарының жиналуына және арналардың бітелуіне жол берілмейді.


Күйіп қалу қаупі бар!

Бум/ыстық су құю шүмегін тазалаған кезде аздап ыстық су шығады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

1. Бу/ыстық су (A19) дөңгелегін I күйіне бұрау арқылы кішкене су ағызыңыз. Сосын дөңгелекті 0 күйіне бұрау арқылы ағынды жабыңыз.
2. Шүмек салқындағанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты (A17) сағат тіліне қарсы бұрап, шығару үшін төменге тартыңыз (15-сурет).



3. Қондырманы (A18) төмен қарай тартыңыз (16-сурет).
4. 17-суретте көрсеткілермен берілген екі тесіктің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, тіс тазартқышпен тазартыңыз.



5. Қондырманы орнына салып, капучино жасағышты қондырмаға қайта жалғаңыз, жоғары қарай итеріп, олар жұптасқанша сағат тілімен бұраңыз.

9. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ

Күйіп қалу қаупі бар!

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Бу/ыстық су шүмегінің (A16) түтігі қолданыс кезінде қызады.

1. Ыдысты бу/ыстық су шүмегінің астына қойыңыз (сұйықтық шашырамас үшін мүмкіндігінше жақын қойыңыз).
2. Бу/ыстық су дөңгелегін (A19) I күйіне (14-сурет) бұраңыз.
3. Ыстық су ағынын қолмен жабу үшін бу/ыстық су дөңгелегін 0 күйіне бұраңыз.

Есіңізде болсын:

Энергия үнемдеу режимінде ыстық су пайда болғанға дейін бірнеше секунд кетуі мүмкін, өйткені құрылғы қызуы керек.

10. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Құрылғының өнімділігі ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалуы үшін De'Longhi су жұмсартқыш сүзгісін қолдануды ұсынамыз. Қосымша ақпарат алу үшін www.delonghi.com веб-сайтына кіріңіз.



WaterFilter EAN

8004399327252



коды:

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.


1. Сүзгіні қабынан шығарып, келесі екі айды көру үшін күн индикаторын бұраңыз (18-сурет);



2. Сүзгіні іске қосу үшін, сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағзыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (19-сурет);
3. Су ыдысын машинадан шығарып, оны сумен толтырыңыз; сүзгіні су ыдысына салыңыз, оны шамамен он секундқа толығымен батырыңыз, оны еңкейтіп, ауа көпіршіктері шығуы үшін аздап басыңыз (20-сурет);



4. Сүзгіні тиісті корпусқа салып, орнына толық түскенше басыңыз (21-сурет);
5. Ыдысты қақпақпен жауып, ыдысты құрылғыға қайта салыңыз;
6. Бу/ыстық су шүмегінің астына сыйымдылығы кемінде 0,5 литр бос ыдыс қойыңыз (22-сурет).



7. Сүзгіні орнату үшін "12. Параметрлер мәзірі" бөлімінде берілген нұсқауларды орындаңыз;
8. Бу түймесіне тиесілі диодшам  тез жыпылықтай бастайды: бу/ыстық су дөңгелегін (A19) I күйіне бұраңыз (12-сурет);
9. Құрылғы ыстық су құйып, автоматты түрде тоқтайды;
10. Бу түймесіне тиесілі диодшам  тез жыпылықтай бастайды: бу/ыстық су дөңгелегін 0 күйіне бұраңыз;
11. Осыдан кейін сүзгі белсендіріледі, сосын машинаны пайдалануға болады.

Есіңізде болсын:

Егер  түймесіне тиесілі диодшам (B4) тез жыпылықтаса, түймені басыңыз. Нәтижесінде машинаның ішкі тізбектері толтырыла бастайды, қалыптасқан ауа көпіршіктерін шығарып, орнатуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

10.1 Сүзгіні ауыстыру

 индикаторы (B9) жанған кезде сүзгіні ауыстырыңыз.

1. Су ыдысын және пайдаланылған сүзгіні алыңыз;
2. Сүзгіні белсендіру үшін алдыңғы бөлімде сипатталған әрекеттерді орындаңыз;
3. Машина параметрлерін орнату үшін "12. Параметрлер мәзірі" бөліміндегі нұсқауларды орындап, бұған дейінгі бөлімнің 8-11 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.

Есіңізде болсын:

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаған соң, сүзгіні хабар әлі көрсетілмесе де ауыстыруыңыз керек.

10.2 Сүзгіні шығару

Құрылғыны сүзгісіз пайдалануды жалғастыру үшін оны алып тастау керек және құрылғы оны алып тастағаны туралы хабарлайды.

1. Су ыдысын және пайдаланылған сүзгіні алыңыз;
2. Машина параметрлерін орнату үшін "12. Параметрлер мәзірі" бөліміндегі нұсқауларды қараңыз.

Есіңізде болсын:


Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаған соң, сүзгіні хабар әлі көрсетілмесе де ауыстыруыңыз керек.

11. ҚУАТ ҮНЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕР

- Автоматты түрде өшуді 15 минутқа ("12. Параметрлер мәзірі" бөлімін қараңыз) орнатыңыз;
- Қуат үнемдеу режимін іске қосу ("12. Параметрлер мәзірі" бөлімін қараңыз);
- Машина сұраған кезде, әрдайым қақ тазалау циклін орындап отырыңыз.

12. ПАРАМЕТРЛЕР МӘЗІРІ





Мәзір ашық болған кезде, тиісті функцияларды таңдау үшін белсенді түймелерді қолданыңыз:








(*) Сусындар әр модельде әртүрлі болады

1. Мәзірді ашу:	
A hand is shown pressing the gear icon button. A label 'x 5 sec' indicates the duration of the press.	⚙️ түймесін бірнеше секунд басып тұрыңыз: параметрлер түймелері жанады. Реттелетін параметрдің түймесін басу арқылы әрі қарай жалғастырыңыз.
→	




2. Машина параметрлерін реттеңіз:

Су жұмсартқыш сүзгі  	Қажетті параметрге қатысты диодшамдар жанғанша қюлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	СҮЗГІ ОРНЫНДА  СҮЗГІ АЛЫНҒАН 	Таңдауды растау  
Дыбысты сигнал  	Қажетті параметрге қатысты диодшамдар жанғанша қюлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	ҚОСУЛЫ  ӨШІРУЛІ 	Таңдауды растау  
Кофе температурасы  	Қажетті параметрге қатысты диодшамдар жанғанша қюлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	ТӨМЕН  MEDIUM (Орташа)  HIGH (Жоғары) 	Таңдауды растау  
Қуат үнемдеу  	Қажетті параметрге қатысты диодшамдар жанғанша қюлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	ҚОСУЛЫ  ӨШІРУЛІ 	Таңдауды растау  





Су қаттылығы 	Қажетті деңгейге тиесілі диодшам жанғанша қююлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	1-ДЕҢГЕЙ  2-ДЕҢГЕЙ  3-ДЕҢГЕЙ  4-ДЕҢГЕЙ 	Таңдауды растау 
Автоматты түрде өшіру 	Қажетті уақыт параметріне тиесілі диодшам жанғанша қююлық түймесін бірнеше рет басыңыз 	15 МИНУТ  30 МИНУТ  1 САҒАТ  3 САҒАТ 	Таңдауды растау 
3. Мәзірден шығу:			
	 түймесін басыңыз: Машина енді қайтадан пайдалануға дайын. Есіңізде болсын: Егер 30 секунд бойы ешбір әрекет орындалмаса, машина параметрлер мәзірінен автоматты түрде шығатынын ескеріңіз.		





12.1 Әдепкі мәндерді қайта орнату

Машина күту режимінде тұрғанын тексеріңіз (өшірулі, бірақ розеткаға қосулы).	
Сусындарға тиесілі 1, 2 және  түймелерін 5 секунд басып тұрыңыз. Барлық параметрлер мен сусын мөлшерлері әдепкі мәндеріне қайта орнатылады.	
Құрылғы ұзақ дыбысты сигнал шығарады да, қайта орнатудың орындалғанын растау үшін барлық шамдар жыпылықтайды	

13. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ

- Маңызды!**
- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi суперавтоматты кофе машиналарымен тазалау мақсаты үшін ешбір химиялық заттың қажеті жоқ.
 - Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

					
 50°C	×	×	×	✓	✓
	✓	✓	✓	✓	✓

Құрамдас бөлік	Жиілік	Процедура
Ұнтақ кофе ыдысы (A10) 	 индикаторы (B12) жанған кезде, тартылған кофе ыдысын босатуыңыз керек: машина енді кофе жасай алмайды. Тартылған кофе ыдысы тазаланбайынша, құрылғыны тағы бір кофе жасау үшін пайдалану мүмкін болмайды. Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағат дұрыс есептелуі үшін машина розеткадан ешқашан ажыратылмауы тиіс.	• Тамшы науасын (A11) шығарып, босатыңыз және тазалаңыз. • Тартылған кофе ыдысын босатып, түбінде жиналған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. • Қызыл су жиналу науасын (A14) (қызыл) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
Тамшы науасының құрамдастары 	Тамшы науасына су деңгейін көрсететін қызыл түсті қалтқы индикатор (A14) бекітілген. Индикатор кесе науасынан асып шықпай тұрып (A13) тамшы науасын босатып, тазалауыңыз керек 	• Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын шығарыңыз; • Кеселер науасын және тапшы науасының торын шығарып, тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатыңыз да, барлық бөлшектерді жуыңыз; • Қызыл түсті су жиналу науасын тексеріп, қажет болған жағдайда оны босатыңыз; • Тамшы ағатын науаны торымен бірге және тартылған кофе ыдысын құрылғыға қайта салыңыз. Тамшы науасын шығарып жатқан кезде, тартылған кофе ыдысы айтарлықтай толық болмаса да босатылған болуы керек.
Машинаның ішкі жағы 	Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз.	Машинаны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз. Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз. • Кофе қалдықтарын щеткамен немесе губкамен кетіріңіз; • Барлық қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз





Құрамдас бөлік	Жиілік	Процедура
Кофе шүмектері (A15) 	Кофе шүмектерін тұрақты түрде тазалаңыз (айына бір рет)	- Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз; - Кофе шүмектеріндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса кофе қалдықтарын тіс щеткасымен тазалаңыз.

14. ДЕМДЕУІШТІ ТАЗАЛАУ

Маңызды!

Машина қосулы болған кезде демдеуіш (A6) алынбайды.

1. Машинаны өшіру үшін  түймесін (B1) басыңыз;
2. Су ыдысын (A9) шығарыңыз;
3. Оң жақта орналасқан демдеуіш қақпағын ашыңыз (23-сурет);



4. Екі түрлі-түсті түймені ішке қарай басыңыз (24-сурет), бір мезгілде демдеуішті сыртқа тартыңыз;
5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;

Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ



ЕШБІР ЖУҒЫШ ҚОСПАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

6. Демдеу торын тазалаған кезде жуғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз, себебі олар оны зақымдауы мүмкін.
7. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы пайдаланыңыз;

8. Тазалаған соң демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз;

Есіңізде болсын:

Егер демдеуішті салу қиын болса, оны екі тұтқаны басу арқылы (енгізбес бұрын бұрын) дұрыс күйге қойыңыз (25-сурет).



9. Салынған соң, екі түрлі-түсті түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (26-сурет);
10. Демдеуіш қақпағын жабыңыз;
11. Су ыдысын орнына салыңыз.

15. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын пайдаланыңыз. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.
- Қақ тазалағыш нәзік беттерді зақымдауы мүмкін. Егер бұл өнім байқаусызда төгіліп кетсе, оны дереу құрғатыңыз.

Қақ тазалау	
Қақ тазартқыш	De'Longhi қақ тазартқышы
Ыдыс	Ұсынылған сыйымдылық: 2 л
Уақыты	~30 мин

Маңызды:

Егер су жұмсартқыш сүзгі орнатылған болса, оны қақ тазалау ерітіндісін қоспас бұрын алып тастау керек. Осыдан кейін, 3-қадамның басында сүзгіні қайта орнатыңыз

Басқару тақтасында  индикаторы (B13) жанған кезде машинаны қақтан тазалаңыз.


Есіңізде болсын:

- Қақ тазалау циклі басталған соң, оны үзуге болмайды және ол толық шаю циклімен аяқталуы тиіс. Осыны ескере отырып, қақтан тазартқыштың мөлшері жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.


Мына әрекетті орындаңыз:

1-қадам: Қақ тазалау жұмысы	
------------------------------------	---

-  түймесін басып, (B4) тиесілі диодшам тез жыпылықтай бастағанша 5 секунд ұстап тұрыңыз. Төмен қоюлық индикаторы қақтан тазарту циклінің 1-кезеңі орындалып жатқанын көрсету үшін жанады;
- Тамшы науасын (A11) және тартылған кофе ыдысын (A10) босатып, орындарына қайта салыңыз; су ыдысын толық алып (A9), су жұмсартқыш сүзгіні шығарыңыз (орнатылған болса);
- Су ыдысына қақ тазартқышты құйыңыз, оны су ыдысының бүйірінде (алдыңғы жағында) белгіленген **A** деңгейіне дейін толтырыңыз (100 мл қаптамаға сәйкес келеді) (27-сурет); содан кейін **B** деңгейіне дейін су (бір литр) толтырыңыз (28-сурет); соңында, су ыдысын машинаға қайта салыңыз;



- Кемінде 2 литр су сыятын бос ыдысты кофе шүмегінің (A15) және капучино жасағыштың (A17) астына қойыңыз (29-сурет).




- Қақ тазалау циклін бастау үшін  түймесін басыңыз.
- Бірнеше секундтан соң  дегенге тиесілі индикатор тез жыпылықтайды, бұл бу/ыстық су (A19) дөңгелегі I күйіне бұралуы керектігін көрсетеді (13-сурет).
- Он минут немесе одан да көп уақыт ішінде машина бу/ыстық су шүмегінен және кофе шүмегінен сұйықтықты автоматты түрде кезек-кезек ағызады.

Қақтан тазалаудың бірінші қадамы аяқталған кезде, су деңгейінің төмендігін көрсететін индикатор (B10) жанады.

2-қадам: Бірінші шаю	
-----------------------------	--

- Қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз. Су ыдысын шығарыңыз және босатыңыз, оны ағынды сумен шайып, МАХ деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз (30-сурет) және қайтадан машинаға салыңыз; ыдысты шүмектердің астына қайта қойыңыз;



9. Шаюды бастау үшін  түймесін басыңыз (ол тез жыпылықтайды): орташа қоюлық индикаторының жыпылықтауы қақтан тазарту циклінің 2-кезеңін аяқталғанын көрсетеді;
10. Машина шаюға автоматты түрде өтеді:  бу түймесіне тиесілі индикатор тез жыпылықтайды, бұл бу/ыстық су деңгейінің (A19) 0 күйіне бұралу керектігін көрсетеді (1-сурет);
11. Шамамен он секундтан соң, бу түймесіне  тиесілі индикатор тез жыпылықтаған кезде, бу/ыстық су деңгейін I күйіне бұраңыз (14-сурет): шаю үшін пайдаланылған соң кофе және бу/ыстық су шүмектерінен ағып шығады;

Қақтан тазалаудың екінші қадамы аяқталған кезде, су деңгейінің төмендігін көрсететін индикатор (B10) жанады.

3-қадам: Екінші шаю	
----------------------------	--

12. Алғашқы шаюдан кейін су жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз. Су ыдысын шығарыңыз және босатыңыз, оны ағынды сумен шайып, MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз (30-сурет), жұмсартқыш сүзгіні орнатыңыз (егер ол қолданылса); су ыдысын машинаға қайта салыңыз және шүмектердің астына бос ыдысты қойыңыз;
13. Шаюды бастау үшін  түймесін басыңыз (ол тез жыпылықтайды): қатты қоюлық индикаторының жыпылықтауы қақтан тазарту циклінің 3-кезеңі аяқталғанын көрсетеді; шаю сұйықтығы бу/ыстық су беру шүмегінен ағып кетеді;

4-қадам: Қақтан тазарту процедурасын аяқтау



14. Алдын ала кофе тарту функциясына тиесілі индикатор жанса, қақтан тазарту циклінің дұрыс аяқталады: Бу түймесіне тиесілі индикатор  жыпылықтайды, бұл буды ашып-жабу деңгейінің 0 күйіне қойылуы керектігін көрсетеді.
15. Тартылған кофе ыдысының (B12) индикаторы және су деңгейінің төмендігін көрсететін индикаторы (B10) жанады. Шаю үшін пайдаланылған суға арналған ыдысты және шаю суының бір бөлігі жиналатын науаны босатыңыз; соңында су ыдысын толтырыңыз.
16. Барлық компоненттерді машинаға салыңыз.





Құрылғы пайдалануға дайын болады.




Есіңізде болсын:





- Қақты тазалап болғаннан кейін тарту ыдысында судың болуы қалыпты жағдай.
- Су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаған болса, қақты тазалау соңында құрылғының ішкі айналымынан қақ тазалағыш ерітінді толығымен шығуын қамтамасыз ету үшін үшінші рет шаю сұралады.

16. ШАМДАР ТҮСІНДІРМЕСІ




Индикатор/ Диодшам	Мағынасы
Сусындиодшамдары жыпылықтайды	М а ш и н а ж ы л ы т ы л у д а : күтіңіз
Сусындармен тиесілі параметрлердің диодшамдары үнемі жанып тұрады	Машина қолданысқа дайын: қалаған с у с ы н д ы және қатысты о п ц и я л а р д ы таңдаңыз
→	

Индикатор/ Диодшам	Мағынасы
	Сүзгіні салыңыз ("10. Су жұмсартқыш сүзгі" бөлімін қараңыз).
	Су ыдысында (A9) су аз: ыдысты толтырыңыз.
	Су ыдысы (A9) жоқ немесе дұрыс салынбаған: ыдысты дұрыстап салыңыз.
	Жалпы дабыл: машинаның іші өте ластанған. Машинаны мұқият тазалаңыз. Тазалаған соң да хабар әлі көрсетілетін болса, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.
→	

Индикатор/ Диодшам	Мағынасы
	Тазалаудан кейін демдеуіш (A6) салынбаған: демдеуішті орнына "14. Демдеуішті тазалау" бөлімінде түсіндірілген әдіспен салыңыз.
	Кофе дәндері жоқ: дән ыдысын (A3) толтырып, дабылды өшіру үшін кез келген түймені басыңыз.
	Дәндер өте ұсақ, сондықтан кофе өте баяу ағады немесе мүлдем ақпайды. Кофе тартқышты реттеңіз (A2) ("7.8 Кофе тартқышты реттеу" бөлімі).
	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған. Жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз.
→	

Индикатор/ Диодшам	Мағынасы
	Тартылған кофені пайдаланып, бірақ кофені тиісті құйғыға салмай тұрып (A4) таңдау жасалған.
	Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады. Кофе тым майда етіліп тартылған. Эспрессо құрылғыларына арналған кофені пайдаланыңыз.
	Су айналымы бос. "Бу" түймесін басыңыз.
	Тартылған кофе ыдысы (A10) босатылуы қажет.



Индикатор/ Диодшам	Мағынасы
	Тартылған кофе ыдысы (A10) жоқ немесе орнына дұрыс салынбаған: тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын салып, орындарына түскенше басыңыз
	Қақтан тазалау процедурасы орындалуы тиіс ("15. Қақ тазалау" бөлімін қараңыз).
	Қақ тазалау тоқтатылды. Циклді аяқтап, қоюлықты таңдау диодшамдары көрсеткен қазамнан бастап қайта бастаңыз.

17. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Құрылғы іске қосылмайды.	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ол үшін ыстық құю су функциясын пайдалануға болатынын ескеріңіз).
	Құрылғының ішкі айналымдары суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2-3 минут өткен.	Шаю циклін орындау және ішкі тізбектерді қыздыру үшін кофе жасау алдында  түймесін басып (B2), бірнеше секунд ұстап тұрыңыз.
	Кофе температурасының параметрі тым төменге орнатылған.	Параметрлер мәзірінде кофе температурасын арттырыңыз ("12. Параметрлер мәзірі" бөлімін қараңыз).
	Құрылғы қағын тазалау керек	Қақ тазалау процедурасын орындаңыз. Одан кейін су қаттылығын тексеріңіз ("4. Су қаттылығын өлшеу") және машина параметрінің жергілікті су қаттылығына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз ("12. Параметрлер мәзірі").
Кофе сұйық немесе жеткілікті кілегейлі емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Ұнтақтау деңгейін реттеңіз ("7.8 Кофе тартқышты реттеу"). Нәтиже тек 2 кофе жасалған соң ғана білінеді.
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғыларына арналған кофені пайдаланыңыз.
	Кофе жаңадан тартылмаған.	Кофе қаптамасы тым ұзақ уақыт ашық тұрған және оның дәмі жоғалған.
→		

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Ұнтақтау деңгейін реттеңіз ("7.8 Кофе тартқышты реттеу"). Нәтиже тек 2 кофе жасалған соң ғана білінеді.
Құрылғы кофені жасамайды	Ішкі айналымдарда ластану белгілері анықталды	Машина пайдалануға қайта дайын болғанын күтіп, қалаған сусынды таңдау арқылы әрі қарай жалғастырыңыз. Егер проблема жойылмаса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Шүмектердің біреуінен немесе екеуінен кофе ақпайды.	Кофе саптамалары бітеліп қалған.	Саптамаларды шүберекпен тазалаңыз. Қажет болса, кез келген қатқан қалдықтарды тіс шұқығышпен алып тастауға болады.
Құйылған кофеде су көп.	Ұнтақ кофе воронкасы бітеліп қалған.	Есікті ашып, құйғыны щеткамен тазалаңыз.
Демдеу торын шығару мүмкін емес.	Машина өшірілмеген.	Машинаны  түймесін басу арқылы өшіріңіз.
Қақ тазалау циклі аяқталған соң, құрылғы шаю циклін орындауды сұрайды	Екі шаю циклі барысында су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаған	Қақтан тазалау процедурасын "3-қадам: Екінші шаю" қадамынан бастаңыз.
Сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол м а й с ы з д а н д ы р ы л ғ а н немесе жартылай майсыздандырылған.	Т о ң а з ы т қ ы ш т е м п е р а т у р а с ы н д а ғ ы (шамамен 5°) м а й с ы з д а н д ы р ы л ғ а н немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
	Капучино жасағыш кірлеген.	Құрамдастарды алып, оларды мұқият тазалаңыз.
	Өсімдік негізіндегі сусындар қолданылған.	Нәтиже сусындардың құнарлылық қасиеттеріне қарай әртүрлі болады.
→		

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Машинаның жоғарғы жағындағы кесе науасы ыстық	Бірнеше сусын бірінен соң бірі тез дайындалған	
Пайдаланылмаған кезде машинада шуылдар немесе шағын түтіндер шығады	Құрылғы қолдануға дайын немесе жақында ғана өшірілген және конденсат ыстық бу жасағышқа енуде.	Бұл қалыпты жұмыс істеудің бір бөлігі болып табылады. Бұл құбылысты азайту үшін, тамшы науасын босатыңыз.

18. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Кернеу: 220-240 В~ 50-60 Гц макс. 10 А
 Қуат: 1450 Вт
 Қысым: 1,5 МПа (15 бар)
 Су ыдысының сыйымдылығы: 1,8 л
 ҰхДхБ өлшемі: 240х440х350 мм
 Сым ұзындығы: 1250 мм
 Салмағы (әр үлгіде әртүрлі болады): 8,8 кг
 Дәндер ыдысының сыйымдылығы: 250 г

De'Longhi компаниясында өз өнімдерінің техникалық сипаттамалары мен құрылымын кез келген уақытта олардың функциясы мен сапасына өш өзгеріс жасамай өзгерту құқығы бар.